

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Нурыбаев Қуаныш Есенұлы

kuan_1983@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Философия
кафедрасының аға оқытушысы, мәдениеттану магистрі,
Астана, Қазақстан,

Мереке адамзатқа тән құбылыс ретінде ғалымдар назарында ежелден бері келе жатыр, алайда осы күнге дейін мерекелердің адамзат мәдениетінің бір саласы ретінде, оның ішінде ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы орны арнайы талдау нысанына алынбаған. Мереке мәдениеттің ең көне формаларының бірі болып есептеледі, тіпті көне Грецияда “эортология” (грек. *эорті* мейрам + грек. *λόγος*, сөз, ақыл, пікір деген мағынаны білдіреді. Яғни мерекелерді зерттейтін ғылым саласы) - мерекелер туралы ғылымның дамуы да қаралып отырған мәселенің түп тамыры тереңде жатқанын дәлелдейді.

Наурыз

сөзі парсы тілінде «науруз» нау жаңа деген ұғымды білдірсе руз күн деген мағына береді. Бұл мейрам туралы мәліметтерді Абурайхан Бирунидің, «Ұрпақтар ескерткіші», Омар Хаямның «Наурызнамасы» Мәшһүр Жүсіптің «Нұх», «Наурыз тарихы», сынды еңбектерде толықтай мәлімдемелер келтірілген, мейрамдардың ішінде наурыз мейрамы ежелден келе жатқан мейрам болғандықтан, шығу тарихы әр түрлі болжамдарға сүйенеді, бұл мейрамның шығу тарихы жайлы Мәшһүр Жүсіп бабамыздың еңбегінен анық көруімізге болады. Ғұлама бабамыз қазақ халқының ежелден бері келе жатқан рухани құндылықтарының бірі - ел бірлігі, халық татулығы мәселесі. Дәл осы орайда, қазақ даласының біртуар данасы Мәшһүр Жүсіптің қазақ халқын бірлікке, татулыққа, ынтымақтастыққа шақырған құнды ойлары ерекше маңызға ие. Ағартушы ақын, халықты - тарихи даму барысындағы азаттық пен теңдікке жеткізетін негізгі күш деп санады. Бұқаралық ұмтылыстар оң, баянды нәтижелерге жеткізетіндігін және маңызды тарихи, саяси-әлеуметтік оқиғалардың шешілуі қарапайым халықтың қатысуымен байланысты екендігін көре білді. Білім алудың жас кезде маңызды екенін Мәшһүр Жүсіптің шығармаларынан табуға болады мысалы: «адам баласының ең қызықты жемісті шағы жастық шақта білім, ғылым, өнер мен кәсіп үйреніп, жан-жақты үйлесімді жетілуі тиіс,» [1,45.6] - деп тұжырымдайды. Бұл жерде Мәшһүр бабамыз жастық шақтың алатын орны ерекше, адам жанының жастық шақта қуатты болатынын, уақытында білім алмау, кейін өкінішке әкеліп соғатынын, адам баласының жасы ұлғайған шақта мақсатының азаятынын, оның орнын өкініш басатынын нақты жеткізген. Наурыз мерекесінің шежіресін былайша тарқатады: «Бұл наурызнама той болып, қай заманда басталған жұмыс? «салт атты, сабау қамшылы» болып судан шыққан», — деп Нұх (с.а.у)-ның қауымның топан судан аман-есен құтылғандарына шүкіршілік ретінде қазан көтеріп, той жасағандығын жеткізеді. Нұх пайғамбардың тұңғышы —«Сам» ұлынан Ғараб, Ғажам - Самның ұрпағы біреуі ай есебін ұстап, жыл басын «Мұхарамма» «Ғашура күні» деп, мейрам қылып ұстап қалған. Біреуі — Ғажам жұрты, жұлдыз есебін ұстап «Бірінші хамале — жыл басы» деп мерекелейтін болған. Мұның ұстап қалған күні сан есебімен наурыздың тоғызына дәл келіп, қыс пен жаздың аударыс, төңкерісіне түп-тура, дәлме-дәл шыққан. Мұны біздің қазақ «Бұхар есебі» дейді. (Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние- 242 бет. Алматы, 2008). қазақ халқының әдет ғұрыпы осы мейрамда сақталған деген тұжырымда болу керек оған дәлел «наурыз мейрамы алдында патша тарапынан балықтарды аулап әкеліп түн ортасында дүйім жұрт алдында балықтардың шалқасынан аунап түсіп, қайтадан сол қалпына аунағандығын тамашалаумен болған» [6,12.6] Бұған қатты қуанған жұрт ескі жыл шықты жаңа жыл кірді деп есептеген. Заратуштраның замандасы Гуштасп таққа келгенде «Сараттан шаруа үшін қолайлы ай деп, Наурыз тойлауды фарвардин айынан Саратан айына ауыстырып, мерекелеуге жарлық еткен, ол мейрам Ескендір Зұлқайнайын басқынына дейін созылып келіп тоқтаған» [9,50.6]

Авестада келтірілген мәліметтер бойынша,

толықтай нұсқасы Шах-намэ де жазылған мәлімдемеде, Сиявуш батырды жерлеген күн «Навруз» деп аталған. Британдық ғалым М. Бойс айтуы бойынша «ерте иран халқы отқа табынғандығын, отты қасиетті және энергия көзі деп есептеген» Наурыз мейрам ретінде Иран мемлекетінде ертеден келе жатқан мейрам, деген менде жетінші ғасырда Иран ауқымды мемлекет ретінде көрініп, Византиямен соғыстың салдарынан экономикасы едәуір төмендеп осы жағдайлар Византияны да және Орта Азияныда Иран мемлекетімен бірге экономикалық құлдырауға енді.

Жетінші ғасырдағы осы саяси экономикалық жағдайлар Араб Халифатна мықты мемлекеттерді жаулап алуына мүмкіндік берді. Қалыптасқан Таяу Шығыстың маңызды қаласы ретінде Бағдат қаласы географиялық орны жағынан және экономикалық дамумен араб шығысындағы үлкен қалалардың бірі болды. Тағы бір үлкен қалалардың біріне Дамаскті жатқызуға болады. Осы жатқызылған аймақтарда наурыз мейрамы ортағасырда жақсы дәрежеде тойланғаны белгілі, Иран мемлекетті Византиямен соғыстың салдарынан экономикасы едәуір төмендегеннен кейін наурыз мейрамының таралуына қиындық тудырған.

Айта кететін бір мәлімет Ағылшындар ХҮІІІ ғасырдың бас кезіне дейін жаңа жылды 26-наурызда тойлаған [7,36.б] Наурыз сөзі парсы тілінде «науруз нау жаңа деген ұғымды білдірсе руз күн деген мағына береді. [8,75.б] Қазақ тілінде күн дегеніміз жарық қуат беруші деген мағыналарға сәйкес келеді, табиғат заңдылығына сәйкестелген мерекенің қазақ халқын ынтымақ бірлік әкеледі дегеніне Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы толықтай сенген. Күн ұғымын Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни (1020 ж.ш., Жетісу өңірі, Баласағұн қаласы) - ақын, ойшыл, ғалым, автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Күн деген ұғымның басты мәселе тұрғысынан қарастырған Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни әділетілікті алдыңғы орынға қойып отыр, ойшылдың дүние жалпы әділетілікке негіз алады деген ойда болған. Қазақ халқы наурыз мейрамында ақ мол болсын, ақ ұйысын, деп берген баталары халықты ынтымақтастыққа бірлікке шақырған. Қазақ халқының ежелден бері келе жатқан рухани құндылықтарының бірі - ел бірлігі, халық татулығы мәселесі. Дәл осы орайда, қазақ даласының біртуар данасы Мәшһүр Жүсіптің қазақ халқын бірлікке, татулыққа, ынтымақтастыққа шақырған құнды ойлары ерекше маңызға ие. Ағартушы ақын, халықты - тарихи даму барысындағы азаттық пен теңдікке жеткізетін негізгі күш деп санады. Бұқаралық ұмтылыстар оң, баянды нәтижелерге жеткізетіндігін және маңызды тарихи, саяси-әлеуметтік оқиғалардың шешілуі қарапайым халықтың қатысуымен байланысты екендігін көре білді.

Наурыз мейрамы тарихқа үңілсек, әлемдегі әр халық жаңа жылдың басын әр уақытта атап өткен. Ежелгі халықтар негізінен Жаңа жылды табиғат жаңаруымен, яғни жер ұйқыдан оянғаннан кейін, көктем келуіне байланысты атаған. Бұл наурыз айына тура келіп отырған. Көне яхудиердің таным-түсінігінде де жаңа жыл “авив” айы, яғни наурыз айының соңы, сәуірдің басы болатын. Еуропаны басқарып отырған Рим империясында да жаңа жыл басы наурыз болатын. Тек Иса пайғамбар туғанынан бастап есептегенде 45 жылы Рим императоры Юлий Цезарь жыл басын табиғат ерекшелігін, күн мен түннің теңелуін ескермей, оған діни мағына берді.

Сөйтіп, Иса пайғамбарды туған күніне жақындатып жыл - басын бірінші - қаңтарға көшірді.

Ортағасырдың аяғынан бастап христиан мемлекеттері жаңа жылды 1-ші қаңтардан бастайды. Америка құрлығындада осы жағдай қайталаңады. Ресей мемлекетінде де бұл құбылыс орын алады, мұны 1699 ж. орыс патшасы Петр І Голландиядан үйреніп, Ресейде жыл санаудың басын Христос туылғанынан бастаған.

Абурайхан Бирунидің, Омар Хаямның, Мәшһүр Жүсіптің ой толғамдары Наурыз мейрамының маңызды орын алатынын, табиғаттың болмысына сай мейрам екенін дәлел айтқандарын байқауға болады. Наурыз мейрамының қалыптасу тарихы ежелде жатқанмен, мәдениет сабақтастығы қазіргі заманда ортақталып, қалыптасқан кезең, ежелден бері мейрамдардың шығу тарихы орта ғасыр кезеңінде толықтай зерттелгенімен әлемге бұртұтас ақпарат бере алмады, әрбір тарихи кезеңдерде өз ерекшелігімен дәстүр қалыптаса бастайды, сол сияқты қалаларда әр ғасыр сайын өз ерекшелігін көрсетеді. Осы ерекшеліктердің бірі ортағасыр мұсылман

қалаларында айқын байқалады. Таяу Шығыс қалаларының дамуы Шығыс пен Батыстың айырмашылығын көрсетеді.

Қоғамдық өмірге жаңа өзгерістер келе бастайды, ол қалалардың ерекше үрдіспен дамуымен келген жаңашылдық, уақытты үнемді пайдалануға себеп болды. Осы құбылыстың нәтижесінде адам баласы көңіл күйін көтеруге барлық ынта жігерін салағандықтан наурыз мейрам ретінде қалыптасты.

Ежелден келе жатқан бес мың жыл тарихы бар мейрам бүкіл әлемге ортақ сабақтастығы бар, егерде әлемдік деңгейде тойланатын болса бұл мейрам толықтай зерттеліп, қажетті құндылықтар табылып елдің өркениетін жоғарлататынын Орта Азия мемлекеттерінің жаңа қырынан зерттелуіне елеулі мүмкіндік тудыратыны анық.

Наурыз мейрам ретінде ежелден тойланып келе жатқан, өз ерекшелігі бар, қалыптасқан тарихы арқылы қазақ дәстүрімен салтына мол мұра мен ынтымақ беретін мейрам.

Қазіргі тәуелсіз заманда қай мемлекет болмасын өзінің рухани ерекшеліктерін дамытуға дәстүрін салтын жаңғыртуда жаңа бастамаларға жол салуда, қазақ халқыда осы мәселеге елеулі нәтиже көрсетіп жатыр, наурыз мейрамы дәстүрді жаңғыртатын мейрамдардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – 1 том. – Павлодар: Эко, 2003ж.
2. Кирабаев Н.С. О философских основаниях мусульманской культуры.// Сборник к 60 - летию профессора К.А. Сергеева. – Серия Мыслители., выпуск 12. – СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2002 г.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – 5 том. – Павлодар: Эко, 2005 ж.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – 8 том. – Павлодар: Эко, 2006 ж.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы., Шығармалары. – 11 том. – Павлодар: Эко, 2007 ж.
6. Өмірзақов Токтасын Міштайұлы. Ұлыс күні кітабы. – Астана, 2001 ж.
7. Мұхтар Қазбеков. Наурыз жаңғырған салт дәстүрлер. – Алматы, 1991 ж.
8. Сафар Абдулла. Магия Навруза. – Алмата, 2007 ж.
9. Серік Ерғали. Нау мен ырыс пайымдама. – Алматы, 2001ж.

УДК 02.15.61

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Оразбаева Д.Е

orazbaevadana@mail.ru

Астана қ., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Өзінің өткен тарихындағы шынайы рухани мәдениетін сақтаған, оларды ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырған халықтың өркениетті ел ретінде болашағы жарқын. Таң атпайын десе күн қоймайды - дейді халық даналығы. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев орасан еңбегі мен аса биік беделінің арқасында қазір Қазақстанды бүкіл әлем танылды. Әсіресе, саясат пен экономика жағынан жеткен табысымыз көптеген мемлекеттерді таң қалдыру, Ал рухани-мәдени тұрғыдан біздің елді дәл осы дәрежеде әлем тани қойды ма? Шынын айту керек, тани қояды деп айту қиын. Президент, міне, бұл салада да бастамашы болып, өзінің Жолдауында мәдени-тарихи мұраны сақтауға, оны зерттеуге айрықша мән береді. Жолдауының үлкен бір бөлімін осы мәселеге арнап, мәдени мұраны қоғамыңыздың тұрақты дамуы жолында пайдаланудың стратегиялық бағдарламасын жасады. Мемлекет басшысының өзі мәдени-мұраға мұншалықты көңіл бөліп, оған қамқорлық көрсетуі – арғы-бергі тарихта болып көрмеген. Осының өзі мәдени мұра мемлекетімізбен халқымыз үшін